

2 -дәріс.

Баспа ісін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның қалыптасуы. Баспа ісі стандарттары. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

1. Техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының Заңы туралы түсінік

2. Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары

3. Стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялар

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт) (2004-) ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы қаулысымен министрліктің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қайта аталуының нәтижесінде құрылды. ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қарашадағы қаулысымен^[2] комитет туралы ереже және оның құрылымы бекітілді. Комитет ҚР Индустрия және сауда министрлігінің құзіреті шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметгер көрсету жөніндегі функцияларды, арнайы атқарушылық және бақылау қадағалау функцияларын, техникалық реттеу және метрология саласындағы қызметті салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Заң Қазақстан Республикасында өнімдердің, процестердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді. Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары: 1) өнімдердің және процестердің азаматтар өмірі мен денсаулығы, оның мүлкі мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету; 4) өнімдердің қауіпсіздігіне және оның функционалдық мақсатына қатысты тұтынушыларға теріс мағлұмат беретін іс-әрекеттердің алдын алу;

5) өнімнің бәсеке қабілетін қамтамасыз ету, саудадағы техникалық кедергілерді жою болып табылады

Стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялар салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін экономика салаларында құрылады.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды басқару техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі шегінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізмі

1. Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар : оқу құралы – Алматы : Қазақ университеті, 2012- 210 б.

2. Майлықұтова М.Ж. Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы.- Алматы : Қазақ университеті, 2012.

Интернет:

1. Lib.kazsu.kz./Books/bk023/

2. [Http://www.newsland.ru](http://www.newsland.ru)

3. www.kazakhstanlive.ru

4. <http://www.bookchamber.ru/standards.htm>